

Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы
білім бөлімінің "Оқушылар сарайы" КМҚК

**Қамқоршылық кеңес отырысының
№2 хаттамасы**

Откізу күні мен уақыты: 2024ж.26.01, сағат 18:30-де

Қатысқандар: 8 кісі
Қамқоршылық кеңесінің
төрайымы: Сторожко И.Д.
Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:
Гриценко Н.В., Варзаев А.С.,
Гордеева Т.В., Нурпеисова Б.Ж.,
Сагадиева С.С., Зылгарина Ж.Е.
ОС директоры – Шмик И.Э.,
Болмағандар: 2 кісі
Кропачева Л.А., Шульгинова Р.В.

Күн тәртібі:

1. "Оқушылар сарайы" КМҚК директорының 2023 жылға арналған бюджет қаражатының мақсатты жұмсалуды және 2024 жылға арналған қаржыландыру туралы есебі
2. Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.

Тыңдады:

1. Бірінші мәселе бойынша Оқушылар сарайының директоры И.Э.Шмик Қамқоршылық кеңестің барлық қатысушы мүшелерін 2023 жылға жұмсалған бюджет қаражаты және 2024 жылға арналған қаржыландыру жоспарымен таныстырды.

Сөз сөйлегендер:

1. Гордеева Т.В. – қамқоршылық кеңестің мүшесі, ол Оқушылар сарайының әкімшілігі бөлінген бюджет қаражатын ұтымды және мақсатты жұмсау бойынша үлкен жұмыс жүргізіп жатқанын атап өтті. Барлық сатып алулар мен қызметтер "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңға сәйкес, сондай-ақ бекітілген Мемлекеттік сатып алу жоспары негізінде жүргізіледі.

2. Сагадиева С.С. – қамқоршылық кеңестің мүшесі, қатысушылардың назарын жаңа 2024 жылға арналған қаржыландыру жоспары бөлінген бюджет қаражатын негізге ала отырып, ұйымның қажеттіліктерін ескере отырып сауатты жасалғанына аударды. Ғимараттар мен үй-жайларды күтіп-ұстауға және қызмет көрсетуге, заңнамаға сәйкес қызметкерлердің жалақысын арттыруға, үйірмелердің МТБ-ны жақсартуға арналған шығыстар ескерілді.

Қаулы етті:

1. Оқушылар сарайы әкімшілігінің бюджет қаражатын мақсатты және ұтымды жұмсауын атап өту.

Шешім бірауыздан қабылданды.

Тыңдады:

2. Екінші мәселе бойынша И.Д.Сторожко - Қамқоршылық кеңестің төрайымы қатысушыларға Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарына ұсыныстар енгізу туралы жүгінді.

Сөз сөйлегендер:

1. Варзаев А.С. - қамқоршылық кеңестің мүшесі, Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары балаларға арналған мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларына сәйкес жасалуы тиіс екеніне назар аударды (ҚР Білім министрінің м.а. 01.03.2023 № 56 бұйрығы). ОС әкімшілігіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды өткізуге жәрдемдесуді, Қамқоршылық кеңестің жұмысы туралы ата-аналар жұртшылығын хабардар ету үшін ОС әлеуметтік желілерін кеңінен пайдалануды, білім алушылар арасында тәртіпті нығайтуға және педагогтар, білім алушылар, ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер арасында туындаған жанжалдарды шешуге жәрдемдесуді ұсынды (егер бар болса).

2. Гриценко Н.В. - қамқоршылық кеңестің мүшесі, ол Оқушылар сарайына түрлі мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізу кезінде әлеуметтік серіктестер мен әлеуетті демеушілерді тарту бойынша көмек көрсетуге көбірек көңіл бөлу қажеттігін атап өтті.

3. Нурпеисова Б.Ж. – қамқоршылық кеңестің мүшесі, ол жұмыс жоспарына Оқушылар сарайының үйірмелері мен секцияларында (Қамқоршылық кеңестің функцияларына сәйкес) ЕББҚ бар балалардың жұмыспен қамтылуына мониторинг жүргізуді енгізуді ұсынды.


Қаулы етті:

1. Қамқоршылық кеңестің 2024 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілсін. Шешім бірауыздан қабылданды.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы  И.Сторожко

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері _____ Р.Шульгинова

 _____ Ж.Зылгарина


 _____ Т.Гордеева


 _____ Н.Гриценко

 _____ Б.Нурпеисова

_____ Л.Кропачева

 _____ А.Варзаев

 _____ С.Сагадиева

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы  _____ Н.Гилев